



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

02.03.2021 ж

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 7

город Алматы

Алматы қаласындағы  
кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq»  
мобильдік қосымшасын енгізу  
бойынша пилотты жүргізу туралы

Алматы қаласының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласындағы мына кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» пилоттық жобасын іске асыру басталсын:

- 1) фитнес-клубтар;
- 2) СПА-орталықтар;
- 3) сауналар, байссейндер;
- 4) компьютерлік клубтар (18 жасқа дейінгі адамдарды қоспағанда);
- 5) боулинг клубтар.

2. Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы, Алматы қаласының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы:

1) «Ashyq» мобильдік қосымшасын пилотты іске асыруға қатысатын кәсіпкерлік объектілердің тізбесін осы қаулының 1-тармағына сәйкес айқындауды;

2) осы қаулының 1-тармағына сәйкес кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» мобильдік қосымшасын енгізу бойынша пилотты іске асыруға қатысатын кәсіпкерлік объектілері көрсетілген ақпаратты апта сайын

жаңартып және Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне ұсынып отырсын;

3) тіркеу орны бар пилотқа қатысатын кәсіпкерлік объектілерге кіру үшін App Store және Play Market арқылы жүктеу үшін қолжетімді «Ashyq» мобильді қосымшасын пайдалану қажеттілігі туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды ақпараттандыруды қамтамасыз етсін;

3. «Ashyq» мобильдік қосымшасын пилотты іске асыруға қатысатын кәсіпкерлік объектілерінде әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеудің мынадай өлшемшарттары қолданылады:

1) коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың жоғары деңгейі кезінде (қызыл аймақ) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері белгілеген коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың орташа деңгейі үшін әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары қолданылады;

2) коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың орташа деңгейі кезінде (сары аймақ) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері белгілеген коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылық деңгейі төмен әлеуметтік-экономикалық объектілердің (жасыл аймақ) жұмысын шектеу өлшемшарттары қолданылады.

4. "Ashyq" мобильдік қосымшасын енгізу бойынша пилотқа қатысатын кәсіпкерлік субъектілері қызметін мынадай талаптарды сақтай отырып қамтамасыз етсін:

1) компьютерлік клубтар (18 және одан үлкен жастағы адамдар ғана жіберіледі);

сары аймақта: толтырылуы 50%-дан артық емес, жұмыс режимі сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін;

жасыл аймақта: толтырылуы 75%-дан артық емес, жұмыс режимі сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін;

2) боулингтер:

сары аймақта: толтырылуы 50%-дан артық емес, жұмыс режимі сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін;

жасыл аймақта: толтырылуы 75%-дан артық емес, жұмыс режимі сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін.

3) пилотқа қатысатын кәсіпкерлік объектілерге келушілерді кіргізу олар үй-жайға кіреберісте немесе шығаберісте көрсетуі үшін келушінің мәртебесін айқындауға арналған арнайы QR-кодты сканерлеген жағдайда жүзеге асырылады:

«жасыл» мәртебе – келуші деректер базасында COVID-19-ға теріс нәтижемен ПТР-тестілеуден өткен ретінде көрсетілген;

«көк» мәртебесі – ПТР тестілеу нәтижелері жоқ, COVID-19 науқаспен байланыста болған ретінде есептелмейді;

«сары»мәртебе – деректер базасында COVID-19 науқаспен байланыста болған ретінде көрсетілген;

«қызыл» мәртебе – базада COVID-19-қа оң нәтижемен тіркелген.

Келушіде смартфон болмаған жағдайда кәсіпкерлік объектісінің қызметкері келушінің келісімімен ақпараттық жүйеде оның мәртебесін тексереді;

4) «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекциясы ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысының 36-қосымшасына сәйкес мынадай: «сары» (COVID-19-бен байланыста болған), «қызыл» (COVID-19-ға оң нәтижесі бар) мәртебесіне сәйкес оқшаулауға жататын келушілердің пилотқа қатысатын кәсіпкерлік объектілерге кіруіне жол берілмейді;

5) мынадай: «сары» (COVID-19-бен байланыста болған),«қызыл» (COVID-19-ға оң нәтижесі бар) мәртебесіне сәйкес оқшаулауға жататын келушілер анықталған кезде +7 778 012 7000, +7 701 783 5489 телефондары бойынша Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментін хабардар етуді;

6) «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекциясы ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысымен бекітілген алгоритмдердің талаптарын сақтауды.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Ж. Бекшин**